

**Қызылжар селолық округі әкімінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 8 "Қызылжар селолық округі Құрлыс, Жаныс би, Шеңбертал селоларының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 13 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 наурызда № 5296 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Қызылжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылжар селолық округі әкімінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 8 "Қызылжар селолық округі Құрлыс, Жаныс би, Шеңбертал селоларының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-5-138 санымен тіркелген, 2011 жылғы 23 тамыздағы аудандық "Ырғыз" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі атауында "селолық", "селоларының" сөздері " ауылдық", "ауылдарының" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылжар ауылдық округінің әкімі*

*М. САРМАНОВ*